

**2024-2038 жылдарға арналған «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
жаңғырту, кеңейту, қайта құру және (немесе) жаңарту жөніндегі
инвестициялық бағдарламасын іске асыру жөніндегі
«№3 ст. энергоблокты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта
құру» жобасы бойынша жария тыңдаулардың
2026 жылғы 23.04.
№7 ХАТТАМАСЫ**

Толық атауы: «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жаңғырту, кеңейту, қайта құру және (немесе) жаңарту жөніндегі 2024-2038 жылдарға арналған «№3 ст. энергоблокты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» жобасы бойынша инвестициялық бағдарламасын іске асыру.

Өтетін орны (мекенжайы): Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Солнечный поселкесі, «ЕГРЭС-2ст.» АҚ (ӘТК ғимаратының конференц-залы).

Ұйымдастырушы туралы ақпарат: «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ.

Жарияланған ақпаратта қамтылған ақпарат қоғамдық тыңдаулардың басталуы туралы ескерту:

ҚР Энергетика министрлігімен 12.09.2024 жылы жасалған 2024-2038 жылдарға арналған «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған №41 инвестициялық келісімнің 3-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 23 сәуірде сағат 15.00-де өтетін «№3 ст. энергоблокты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» инвестициялық жобасын дайындау және іске асыру жоспары-кестесін орындау бойынша жария тыңдаулар өткізу туралы хабарлаймыз, өткізілетін орны: «ЕГРЭС-2ст.» АҚ, ӘТК ғимараты, конференц-залы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде:

- 1) Екібастұз қаласының әкімдігі: тыңдауларға төрағалық ету үшін жауапты өкіл тағайындасын және жіберсін;
- 2) қалған жергілікті мемлекеттік органдар (тарату тізімі бойынша): тыңдауларға қатысу үшін жауапты өкіл жіберсін.

Төменде бейнеконференция арқылы тыңдауға қосылу үшін ZOOM платформасындағы сілтеме берілген.

<https://us06web.zoom.us/j/89084986506>

Конференция сәйкестендіргіші : 890 8498 6506

Код: 116635

Қоғамдық тыңдаудың басталуы туралы ескерту жарияланды:
13.04.2026 ж. шығ.№ 0065-1130 хаты барлық мүдделі тұлғаларға тізім бойынша:

1. Екібастұз қаласының әкімі - А.У. Бейсекин;
2. Солнечный поселкесінің әкімі- А.А. Илеубаев;
3. «Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» ММ басшысы - М.С.

Шоканов;

4. «Павлодар облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ басшысы - Л. Р. Курманова;

5. «Павлодар облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ басшысы-Е. Б. Иманзайыпов;

6.ҚР Энергетика министрлігі Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры – А.Б.Мусин.

7. «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» нарық кеңесі хатшылығының басшысы-Т.К. Темірханов;

8. «Екібастұз дауысы ақпараттық орталығы» ЖШС басшысы-А.З. Мейрамова.

Қатысқандар: жария тыңдауларға қатысушылардың барлығы 8 адам. (Жобаны қарауға қатысқан жария тыңдауларға қатысушылардың тізбесі осы хаттамаға қоса беріледі).

Төрағалық етуші: Медет Серікбайұлы Шоқанов – «Екібастұз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» ММ басшысы.

Баяндамашы: Бақтияр Нұржанұлы Әубәкіров – «ЕГРЭС-2ст.» АҚ Басқарма Төрағасының Инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары

Хатшы: Алтынбеков Д.Т. – «ЕГРЭС-2ст.» АҚ жобаларды басқару бөлімінің менеджері.

ТЫНДАЛДЫ:

Қазақстанның қуат тапшылығын жабу мәселесін шешу үшін Екібастұз ГРЭС-2 қуаты 550 МВт болатын 3-ші энергоблокты салу бойынша инвестициялық жоба іске асырылуда.

Жоспар-кестенің 1-тармағы. ЕРС-келісімшарт (орындалды).

2025 жылғы 30 мамырда «КВИ Energy Group» ЖШС (Консорциум жетекшісі), «СТРОЙИНДУСТРИЯ» ЖШС (жобалаушы) және «Энерго Спец Строй» ЖШС (жабдықты жеткізуші) құрамында консорциуммен №3 және №4 энергоблоктарды жобалауға, жеткізуге және құрылысқа ЕРС-шарт жасалды.

Жоспар-кестенің 2-тармағы. «П» сатысының ЖСҚ әзірлеу (орындау сатысында).

2025 жылғы желтоқсанда «П» сатысының ЖСҚ толық көлемде әзірленді және оны жобаларды кешенді сараптаудың Бірыңғай порталына жүктеу жүзеге асырылды (epsd.kz) «Мемсараптама» РМК қорытындысын алу үшін.

2025 жылғы 25 желтоқсанда «П» сатысының ЖСҚ толықтығы тұрғысынан қабылдау рәсімінен өтті.

2026 жылғы 02 ақпанда «Мемсараптама» РМК-дан №№ 3,4 энергоблоктарын салуға ЖСҚ-ға ескертулер алынды..

16 ақпанда ескертулер пысықталды, түзетілген құжаттама

«Мемсараптама» РМК порталына жүктелді.

2026 жылғы 10 наурызда «Мемсараптама» РМК-мен ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу мерзімін 15 жұмыс күніне ұзарту туралы шартқа қосымша келісім жасалды.

2026 жылғы 3 сәуірде сараптама жүргізу қағидаларында белгіленген сметалық құжаттаманы қосымша техникалық түзету қажеттілігіне және оны ұсынудың регламенттік мерзімдерін бұзуына байланысты «Мемсараптама» РМК теріс қорытындысы алынды.

2026 жылғы 10 сәуірде құжаттаманы «Мемсараптама» РМК порталына қайта жүктеу жүзеге асырылды.

ЕРС-келісімшарт бойынша жұмыстарды орындаудың өзекті кестесіне сәйкес ЖСҚ-ға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын 2026 жылдың шілдесінде алу жоспарлануда, содан кейін құрылыс-монтаж жұмыстары басталады.

Жоспар-кестенің 3-тармағы. Кредиттік шарт жасасу (орындалды).

Екібастұз ГРЭС-2 акционерлері жобаны іске асырудың белгіленген мерзімдерін бұзуды болдырмау үшін нарықтық шарттарда «Самұрық-Қазына»АҚ акционерлік қарызын тарту арқылы 3-ші энергоблок құрылысы жобасы бойынша қаржыландыру схемасын өзгерту туралы шешім қабылдады мамыр айында акционерлік қарызды ұйымдастыру бойынша корпоративтік рәсім аяқталды.

2025 жылғы маусымда және қыркүйекте 3-ші энергоблокты салуға арналған ЕРС-келісімшарт бойынша аванс жасалды. Бұл қаражат «Жоба» кезеңінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және негізгі жабдықтарды дайындауды аванстау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруға бағытталған.

Жабдықты жеткізу (орындау сатысында).

2025 жылғы 16 шілдеде «КВИ Energy Group» ЖШС мен «ЗиО-Подольск» АҚ-мен (РФ) арасында қазандық дайындауға келісімшартқа қол қойылды. Жабдықты жеткізу мерзімі - 2027 жылдың шілдесі.

2025 жылғы 27 тамызда «КВИ Energy Group» ЖШС мен «АСКИНТЕХ» ЖШС арасында электрофильтрлерді жеткізуге келісім-шартқа қол қойылды. Жабдықты жеткізу мерзімі-2026 жылдың желтоқсанына дейін.

2025 жылғы 02 қыркүйекте «КВИ Energy Group» ЖШС мен Харбин Электрик Интернэшнл арасында бу турбинасы мен турбогенераторды дайындауға және жеткізуге келісімшартқа қол қойылды.

Дайындық жұмыстары

Келесі жұмыстар орындалды:

- №214 және №215 теміржол эстакадаларын бөлшектеу;
- Құрылыс қалашығының базасын ұйымдастыру;
- Аумақты қоршау;
- Бетон алаңдарын жайластыру;
- Бетон-ерітінді шаруашылығын іске қосу;
- МЗУ құбырлары арқылы өту құрылғысы;
- *СКР-2200ЭМ №422 краны қалпына келтірілді;

Келесі жұмыстар жүргізілуде:

- Негізгі корпустың металл конструкцияларын жемірілуге қарсы қорғау.
- Қазандық және скруббер бөлімшесінің іргетастарының бетон жұмыстары.
- Мұнара краны үшін іргетастарды орнату бойынша жұмыстар.
- СКР-2200ЭМ №422 кран астындағы кран жолдарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.
- Құрылыс алаңындағы электр жұмыстары.
- Су деңгейін төмендетуді ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта БНАЖ-мердігер белгіленген кестеден артта қалмай дайындық жұмыстарын орындауды жалғастыруда. Күн сайын объектіде 80-90 жұмысшы және 10-15 арнайы техника жұмылдырылды.

4 «Құрылысқа рұқсат алу», 5 «Жұмыс құжаттамасы» сатысының ЖСҚ әзірлеу», 6 «Жабдықты жеткізу», 7 «Құрылыс-монтаж жұмыстары», 8 «Іске қосу-жөндеу жұмыстары», 9 «Пайдалануға беру» тармақтары бойынша іс-шараларды орындаудың жоспарлы мерзімдері басталған жоқ.

Жария тыңдауларға қатысушылардың ұсыныстары мен ескертулері: жария тыңдауларды ұйымдастырушының атына кезең ішінде ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Жария тыңдауларға қатысушылар жиналысының қорытындылары бойынша ұсынымдар: Жария тыңдаулар «Өткізу қағидаларына» сәйкес өтті және өткізілді деп танылды. 2024 жылғы 12 қыркүйектегі №42 «№3 ст.энероблокты орнатумен Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру» жобасы бойынша Инвестициялық келісімді орындау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жоспарына сәйкес, келесі жария тыңдаулар 2026 жылғы 15 шілдеде өтеді.

Төрағалық етуші


_____ М.С. Шоканов

Хатшы


_____ Д.Т. Алтынбеков